

15-тарау. АЛАШ. САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ИДЕЯЛАР

15.1. Әлихан Бөкейхан. Алаш идеясы

«XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да Қазақ хандығымен байланыста өрбіген. Алайда тарих үрдісі көрсеткендей, ол жүзеге аспай қалды. Ал, кеңестік негізде құрылған Қазақ АССР-ы, одан кейінгі Қазақ ССР-да қағаз жүзінде егеменді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болып, ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат жүргізілді» – дейді белгілі алаштанушы, тарихшы Мәмбет Қойгелидев.

Алаш қозғалысы, одан кейінгі Алашорда үкіметін құрушы зиялы қауымның барлығының түпкі мақсат, мұраты тәуелсіз Қазақ елін орнату болатын. Сол асыл арманның жолында бар өмірін сарп етіп, ұлтқа қызмет жасады. Өздерінің мойындарына үлкен жауапкершілікті алып, халықтың сауатын, білімді болу, ғылыммен айналысу, кәсіп ашу сияқты қызметтерді қатар жүргізді. Атап айтар болсақ, Алаш қайраткерлері, өздеріне таңсық болса да мектепте оқитын балалар үшін оқулық жазуды қолға алды. Астрономия мен географияны – Әлихан Бөкейханұлы, педагогика мен көркем сөз теориясын – Мағжан Жұмабаев, есеп – Міржақып Дулатұлы, анатомия мен зоология – Халел Досмұхамедұлы, математика – Әлімхан Ермеков, арифметика – Мәннан Тұрғанбаев, алгебра – Қаныш Сәтбаев, геометрия – Биыхмет Сәрсенов, психология – Жүсіпбек Аймауытов, жаңаша оқы және жаз – Бейімбет Майлин, жаратылыстану – Көшке Кемеңгерұлы, физика – Файзолла Ғалымжанов, әдебиет хрестоматиясы – Сәкен Сейфуллин мен Мұхтар Әуезов, тарих – Мұхамеджан Тынышбаев, Тіл білімі, әліппені – Ахмет Байтұрсынұлы жазған екен. Алаш зиялылары ішінде дін мәселелеріне жауапты адамдар болған, сол кездегі Бас мүфти қызметін – Садуақас Ғылмани атқарып, құранды қазақшаға аударған.

«Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге? Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады. Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге

қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін!» – деген тұжырым жасайды белгілі алаштанушы (Қамзабекұлы Д. *Түркі алқасы. Нұр-Сұлтан: Алашорда қоғамдық қоры, 2021. – 392 бет*).

Солардың ішінде, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының орны ерекше деп білеміз.

Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1870 жылы наурыздың 5 жұлдызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінде, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында дүниеге келіп, 1937 жылы 27 қыркүйекте ату жазасына кесілген.

Әлиханның тегі алғашында Нұрмұхамедов болған деп көрсетіледі, кейіннен жоғарғы оқу орнының соңғы курсында ол өз қалауымен тегін Бөкейханов етіп өзгерткен.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден», «Басқадан кем болмау үшін Біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек, Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек» – деген ұранды сөздерін қалдырды.

Өмірінің соңына қарай Әлиханға жабылған жаланың бірі ол – «Японофил». Бұндай жала қайдан шықты. Шын мәнісінде, Әлихан 20-25 жыл ішінде тәуелсіз «Алаш» елін әлемдегі ең мықты Жапония мемлекеті сияқты қуатты елге айналдырғысы келді. Ресей-Жапониямен соғыста алты есе армиясы көп болса да жеңіліп қалады. Сол кезде Жапонияның жеңісі туралы хат-хабарлар үзбей келіп тұрады. Оны Әлиханның да оқып, бақылап отырғаны анық.

«1918 жылы жапондық тарихшы, ғалым Томахико Уяма қазақстандық екі зиялы адам Жапония туралы жазды. Біріншісі, Сұлтанмахмұт Торайғыров 1860 жылы жапондықтардың жағдайы қазақтардан жақсы бола қойған жоқ, бірақ соған қарамастан еуропалықтарға жылдам жетіп алды. Сол сияқты қазақтар да біріксе қазақтар да 20-30 жылда еуропалықтарға жете алады» дейді. Екінші адам – Мұхтар Әуезов (Әлихан Бөкейхан. *Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. Құраст. Сұлтан Хан Аққұлы. Алматы: 2016. – 528 бет*).

Әлихан Бөкейханұлының «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» –демекші қазақ халқы өз мінезін көрсетіп келеді. Түріктер үшін Ататүрік қандай болса, Әлихан қазақ халқы үшін де сондай тұлға. Алаш идеясына қызмет етіп, бар ғұмырын қазақ халқының болашағына

сарп еткен қыр баласының «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деген сөзі әр қазақтың ұранына айналуы тиіс.

*Абай телеарнасындағы «Ашық Академия» бағдарламасындағы
Әлихан Бөкейханұлы туралы дәрісті тыңдаңыз*



15.2. Міржақып Дулатұлы. Оян, қазақ!

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада қазіргі Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Қызбел ауылында дүниеге келіп, 1935 жылы 5 қазан күні Беломор-Балтық каналының құрылысы бойындағы Сосновец станциясындағы лагерьде ауыр науқастан дүние салған. Жазушы, ақын, драматург, журналист, қоғам қайраткері. Міржақып Дулатұлының шығармашылығына қызығушылық туғызып, өзінің ұстазы тұтқан адамдардың бірі Мұстафа Кемал Ататүрік болған. Міржақыптың «Оян, Қазақ!» шығармасын Түркияда түрік тілінде аударып шығарған. Осы идеяның негізінде өзінің «Түріктер, ояныңдар!» атты еңбегін шығарған.

Омбы қаласында Алаш зиялыларымен танысып, саяси ойлары бір арнаға түйісіп, күш біріктіруге бел буады. Әлихан мен Ахметтің жанында жүріп ысылып, саяси қайраткерге айналады.

Алаш елінің келешегін ойлай келіп, 1909 жылы Уфа қаласында Каримов-Хұсайновтар баспасынан жарық көрген, «Оян, қазақ!»

өлеңдер жинағын шығарады. Бұл шығармасы үшін Патша Өкіметі 1913 жылы оны түрмеге отырғызды, ол түрмеден ақпан революциясынан кейін ғана босатылды.

Көзіңді аш, оян қазақ.
Көтер басты, өткізбей.
Қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап,
Хал һарам боп, қазағым,

Енді жату жарамас – атты өлеңдері қазақ даласында кеңінен тарап кетеді. Міржақыптың да бар ойы қалың ұйқыда жатқан қазақ елін ояту болатын.

Сол мақсатын жүзеге асыру мақсатында «Серке» газетінде «Біздің мақсатымыз» атты мақала жариялайды. Онда қазақ халқын ояту мен Ресей империясының саясатын әшкерлеуге қатысты деректерді ұсынады. Онымен қалып қоймай, Бірінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен, босқынға айналған азаматтарға «Жанар» қайырымдылық қорын құрып, ерікті ретінде қолдау көрсетеді.

Мейірімді алаш! Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!

Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, маңдайынан сыйпап, күнге, желге қақтырмай отырғанда, өздеріңдей адамдардың балалары сатылып, көздеріне шыбын үймелеп жетімдікте жүргенін, бір түйір тамаққа, бір жұтым сусынға зар болып жылап отырғанын ойлаңдар! Сендердің қатын-қыздарың алтын-күміске малынып, бойларын түзеп жылы үй, жәйлі төсекте отырғанда, олардың қатын-қыздары күңдікте, аш-жалаңаш, абұйырын жаба алмай отырғанын ойлаңдар» – деп ұран тастайды (*Елім деп соққан ұлы жүрек. Міржақып Дулатұлына арналады. Алматы, 2002. – 362 бет*).

Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы және Міржақып Дулатұлы өздерінің идеялары мен ұстанымдарын кеңінен насихаттау мақсатында «Қазақ» газетін (1913-1918 жылдар) шығарады. Ұзын саны 265 нөмірі жарық көрген деген дерек бар. Газетте өзінің лақап атымен (Азамат, Мадияр, Таймінер, Түрік баласы, Арғын) «Қазақ халқын басқарған адамдар», «Жер мәселесі», «Қазақтар туралы», «Земство» деген не» және тағы басқадай мақалалар жариялайды.

Елі мен жері үшін туып, қасық қаны қалғанша күрескен Міржақып Дулатұлының саяси ойлары әлі де өзектілігін жоймаған. Өзінің соңғы сөзінде «Менің халқымның болашағы үшін мен қолымнан

келгеннің барлығын жасауға міндеттімін. Егер, мен қателесsem, онда адамдармен бірге, Ерте ме, кеш пе, ақиқат жеңіске жетеді» – деп айтады.

*Абай телеарнасындағы «Ашық Академия» бағдарламасындағы
Міржақып Дулатұлы туралы дәрісі*



15.3. Мұстафа Шоқай. Түркішілдік идеясы

Мұстафа Шоқай 1891 жылдың 7 қаңтарында Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келіп, 1941 жылы 27 желтоқсанда жұмбақ жағдайда Берлин қаласында дүние салып, сол жерде жерленген. Түркістан халықтарының тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрескен саяси қайраткер, жазушы, публицист, аудармашы.

Мұстафа Шоқайдың негізгі ойы түркішілдік, яғни түркі халықтарының өзара ынтымақтастығына арналған. Шоқай өзінің мақалаларын да «түркішілдік», «тұраншыл», «пантюркизм», «пантуранизм» деп ат қойып, айдар таққан.

1991 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жазушы Әнуар Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?» атты мақаласы жарияланады. Түркі халықтарының егемендігі үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың болмысын ашуға – Көшім Есмағамбетов, Мәмбет Қойгелдиев, Дархан Қыдырәлі, Әбдіжәлел Бәкір, Д.Қасымханов ықпал етті.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы Мұстафа Шоқайдың бүкіл саяси қызметінің мазмұнын құрады. Ол, шын мәнісінде, Түркістан Республикасының ұйымдастырушысы болды.

1914 жылы IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметінде жүріп, Ресейдің алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерімен, Дума депутаттарымен етене араласуы, оның саяси көзқарасының шындалуына ықпал етті. Іс жүзінде тұтас Түркістан идеясын қолдауына негіз қаланды. Азаттық алу үшін езілген халықтардың бірігуі қажет екенін Мұстафа Шоқай сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл саяси бағытынан айныған жоқ.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін «Алаш» партиясына мүше болды. 1917 жылдың маусымында Ташкентте жергілікті қазақ зиялыларының басын қосатын «Бірлік туы» атты саяси ұйым құрып және осы аттас газет шығаруды қолға алды. Осы басылым арқылы елдегі саяси жағдайға өзінше үн қоспақ болды.

«Түрікшілдік – түрік ұлтын биіктету деген сөз. Ондай жағдайда, түрікшілдіктің негізін түсіну үшін алдымен «ұлт» аталатын қауымның неден құралатынын анықтау қажет болады. Ұлт жағдайындағы түрлі көзқарастарды зерттеп көрейік. Түрікшіліктің алыстағы мұраты – Тұран» (*Зия Көкалып. Түрікшілдік негіздері. Аударған – Фадли Әли. Алматы: Мерей, 2000 ж. – 130/18 бет*).

Қанша ғасыр өтседе Түрікшілдік пен Тұран идеясы өз өзектілігін жоймады. Тұран идеясының өміршеңдігін көреміз.

Мұстафа Шоқай өзінің соңғы сөзінде «Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мухаббат уазифа болмақ. Мұны ұмытпау керек» – деген екен.



Мұстафа Шоқай туралы деректі фильм. Дәуір Даналары.

15.4. Ахмет Байтұрсынұлы. Алаш көсемі

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқына қалтқысыз қызмет еткен қайраткер, ұлт көсемі. Қазақ газетін басқарушы (1913-1918). «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы.

«Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылыңдар! Сендер адассаңдар, арттарыңнан ерген Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» – деп қазақ халқының көшбасшылары мен оқымыстыларына өсиет айтады. Бұлай айтуға да өз себеп-салдары бар.

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» – деген сөздер әр қазақтың көкейінде сайрап тұруы қажет. Бұл өмірлік мақсат-мұрат десек те болады. Күш-қуат беретін Ахмет Байтұрсынұлының сөздерін естен шығармай, үнемі қаперге ұстау маңызды. Осы керектерді қанағаттандырсақ, қазақ мемлекеті де мықты, қуатты болары сөзсіз.

Ғалымның алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы, ал екінші кітабы «Маса» 1911 жарық көрді. «Қырық мысал» жинағы Ахмет Байтұрсынұлының тірі кезінде жарыққа шығып, «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «елшілік ұраны» – деп кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов баға берген. Бұл жинақта тек қана Крыловтың мысалдары ғана емес, өзінің авторлық өлеңдері де берілген.

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бүр күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мәз болады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.

Бұл өлең жолдарынан Ахметтің сол замандағы ішкі ойын сезуге болар. Бүгінгі қоғамда да бірліктің орнына жан-жаққа тартушылық, бір-бірінің айтқанына көнбей жатқан жағдайлар жетерлік.

1910 жылы сенімді серіктері Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарған. Газетте ұлттың өткір мәселелерін көтеріп, мақалалар жазды. Ағартушылық қызметті де атқарып, халықтың сауатын ашуға барын салған болатын.

«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің хәліміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер, тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті» (*Имаханбет Р.С. Ғасыр саңлағы. Әдеби туынды. Алматы: 2022 ж. – 400/151 бет*) – деген өсиет айтады.

Ахмет Байтұрсынұлы – бүкіл қазақ халқының ұстазы. Ол қазақ халқының тілі мен мәдениетіне, руханиятына, саяси күрес тарихына өлшеусіз қызмет жасады.

Ахмет Байтұрсынұлының мерзімді басылымдарда, әлеуметтік желілерде көп кездесетін нақыл сөздерін теріп арнайы беріп отырмыз. Бұл сөздер әр қазақтың көкейінде сайрап тұруы қажет деп санаймыз.

- 1) Мұғалімі қандай болса – мектебі де сондай болмақ.
- 2) Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.
- 3) Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.
- 4) Сөздің ең ұлысы – тарих.
- 5) Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!
- 6) Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.
- 7) Балам деген жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!
- 8) Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
- 9) Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.
- 10) Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.
- 11) Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.

12) Мектептің жаны – мұғалім. Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер.

13) Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.

14) Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға – ес керек.

15) Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.

16) Алушы да, беруші де – өзіне жағымды жағын іздейді.

17) Кейбір істерді істеу керек бола тұра істеуге болмайды.

18) Өткенді қуғанды қойып – осы күйіңді жөндеуге жөн іздеу керек.

19) Жұрт керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз.

20) Талап – жоқ, үміт – мол бір халықпыз.

21) Біреу – жұмыс қылайын десем тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың бәрі де – бос сөз!

22) Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!